

А.С.Пушкин атындағы орта мектебі бойынша

Хаттама №2

2024 жылдың 19 қазан күні А.С.Пушкин атындағы орта мектепте педагогикалық кеңес өтті.

Қатысқан мұғалімдер саны -31

Қатыспағаны – жоқ

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2024 жылғы 08-14 қазан аралығында осы мектепке жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындысындағы кемшіліктерді жою туралы.

Тыңдалды:

- 1.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры А.Мырзағалиев баяндады.

2024 жылдың 08-14 қазан аралығында Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің осы мектепті мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесіне енгізіп, құжаттарды тексерген болатын. Тексеру барысында бірқатар кемшіліктер анықталды. Оның ішінде күн тәртібінде қаралайын деп отырған мәселе барлық педагогтерге қатысты болып отыр. Атап айтатын болсам кемшіліктер төмендегідей ретте көрсетіліп тұр. «Bilimclass» электронды журналында білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын мына мұғалімдер сақтамаған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Т.Елшинбекова 5а класы 01.04.күні қазақ тілі пәнінен баға қоймаған. 6а класы дүниежүзі тарихы пәнінен 19.12, 21.12 күндері пән мұғалімі Б.Қайрбаева баға қоймаған. 7а класы физика пәнінен 19.03 күні Е.Тобыш баға қоймаған. 7а класы химия пәнінен 24.01, 14.02, 21.02, 06.03, 13.03, 20.03, 04.05. күндері баға толымдылығы аз, пән мұғалімі Қ.Имағамбет. 8 а класы химия пәнінен 04.09, 13.09, 25.09. күндері баға аз, ал 04.10, 18.10 күндері мүлдем баға жоқ. 04.12, 20.12, 27.12, 15.01, 17.01, 24.01, 31.01, 05.02, 07.02, 12.02, 21.02, 26.02, 04.03, 06.03, 11.03, 13.03, 20.03, 03.04, 05.05, 15.05, 20.05, 22.05 күндері баға толымдылығы аз, пән мұғалімі Қ.Имағамбет. Пән мұғалімі А.Сейтова 8а класында информатика пәні пәнінен 27.10 күні мүлдем баға қоймаған. 8 а класындағы физика пәнінен Е.Тобыш 05.09, 07.09, 14.09, 19.09, 2.09 күндері бағаны аз қойған, 26.10, 28.12, 19.03 күндері білім алушыларды мүлдем бағаламаған. 9 а класы химия пәнінен пән мұғалімі Қ.Имағамбет 06.09, 11.09 күндері баға аз қойған, 13.0 баға жоқ. 20.09, 25.09 күндері бағаланбаған. 27.09, 02.10, 09.10 баға аз, 18.10 күні мүлдем баға жоқ. Дүниежүзі тарихынан 04.03, 06.03, 11.03, 18.03, 20.03, 10.04 күндері баға қоры аз, пән мұғалімі А.Нұрданов. Құқық негіздері пәнінен 27.12 сабақ өткізілмеген, баға жоқ, пән мұғалімі А.Нұрданов. 10 а класында химия пәнінен 05.09, 06.09, 10.10 күндері мүлдем бағаланбаған. Химия пәні мұғалімі Қ.Имағамбеттің әр тоқсандағы қалыптастыруша бағалар қоры аз. 10а класы қазақ тілі пәнінен 02.04 күні мүлдем баға қойыламаған, пән мұғалімі Т.Елшинбекова. 11 а класында химия пәнінен 04.09, 04.10 күні пән мұғалімі Т.Елшинбекова мүлдем баға қоймаған. 11 а класында химия пәнінен 04.09, 04.10 күндері мүлдем бағаланбаған, әр тоқсандағы баға қоры аз, пән мұғалімі Қ.Имағамбет. Қорыта айтқанда «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру

ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурызындағы №125 бұйрығына 2 тарау 3,4,5,7-тармақтың талабын сақтамай отырмыз.

Сөйлеушілер:

1. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Т.Тоқаева

Мектеп мұғалімдері электронды журналда білім алушыларға қалыптастырушы баға қою бойынша бірқатар кемшіліктер жібергенін мойындаймын. Белгіленген заңдылықтардың бұзылуы менің тарапымнан бақылаудың аз болғандығынан жіберіліп отыр. Сол себепті алдағы уақытта педагогтерге журналды толтыру ережесімен тағы да таныстырып, журналды толтыру мен бағалау бойынша заңдылықтардың сақталуын бақылауды күшейтемін.

2. Химия пәні мұғалімі Қ.А.Имағамбет

«Bilimclass» электронды журналында химия пәнінен білім алушыларға қалыптастырушы бағаны аз қойғанмын. Бұл қателігімді мойындаймын, алдағы уақытта бағалау заңдылығын сақтап, қорытынды шығарамын. Күнбе-күн журналды толтыру барысында мұқият болуға уәде беремін.

3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Т.Елшинбекова

Мен сабақ беретін кластардың электронды журналында кейбір күні білім алушыларға баға қоймағанмын. Қателігімді мойындап, алдағы уақытта сабақта оқушыларды жүйелі бағалап, қалыптастырушы бағаны журналға түсіріп отырамын. Мұндай олқылықтарға бой алдырмауға уәде меремін.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе жиналыс қаулы етеді.

1. «Bilimclass» электронды журналын толтыруда салғырттық танытқаны үшін Т.Елшинбекова, Б.Жангелдіқызы, Е.Тобыш, Қ.Имағамбет, А.Сейтова, А.Нұрдановқа «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза берілсін.
2. «Bilimclass» электронды журналын толтыруда, білім алушыларға қалыптастырушы бағаны қоюда мұғалімдердің жауапкершілігі күшейтілсін. Бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Т.Тоқаеваға міндеттелсін.
3. Өз жұмысын атқаруда салғырттық танытқаны үшін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Т.Тоқаеваға «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза берілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

А.Мырзағалиев

Хатшысы:

Р.Толегенова

